

9 желтоқсан –Халықаралық сыбайлас жемқорлыққа қарсы күрес күні. №6 Хромтау гимназиясында сыбайлас жемқорлыққа қарсы мәдениетті қалыптастыру мақсатында Хромтау ауданы әкімі аппаратының бас маманы Битанов Кеңшілік Қасенғалиұлы жоғары сынып білім алушыларымен кездесті. Кездесу барысында Халықаралық сыбайлас жемқорлыққа қарсы күрес күні 2004 жылдан бастап атап өтілетіндігі және де білімді, мәдениетті, әрі бәсекелестікке қабілетті ұлт қалыптастыру үшін жемқорлықпен бүкіл халық болып күресу керектігі айтылды. Кеңшілік Қасенғалиұлы парасаттылық ұғымына тоқталып, кездесу соңында білім алушыларды әділеттілікке, адалдыққа , имандылыққа, еңбекқорлыққа және шынайы болуға шақырды.



Орындаған: Жасаганбергенова Б.И